

Ленин жұлдызы

ҚК(Б)П Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

І-ығыуына
26-шы жыл
№ 244
(6945)
1944 жыл
Сенбі
9 декабрь
Жеке сан
20 тыйын

Совет әйелдерінің хасиетті борышы

Ел ішінде совет әйелдері майданға аттанған ерлерінің, аға-інілерінің орнын басып, күрделі мамандықтарды меңгерді. Олар өнеркәсібінде станоктарды, колхозды ауылдың кең-байтақ даласында тракторлар мен комбайндарды меңгеріп жүр. Әйелдер ұлы отан соғысы кезінде кездескен қиыншылықтарға төтеп беріп, еңбек майданында жаппай ерлік көрсетуде.

Кемеңгер көсеміміз Сталин жолдас Ұлы Октябрь социалистік революциясының 27 жылдығы туралы баяндамасында совет әйелдерінің ел ішіндегі еңбегіне былай деп зор баға берді: «Фабрикалар мен заводтарда, колхоздар мен совхоздарда еңбектің негізгі салмағын көтерген совет әйелдері мен даңқты жастарымыздың еңбек майданындағы теңдесі жоқ ерлік істері тарихтан мәңгі өшпес орын алады. Отаншылдың намысы мен тәуелсіздігі үшін совет әйелдері, жастары мен қыздары еңбек майданында ерлік, батырлық көрсетуде. Олар Отаншылды неміс-фашист жауыздардан қорғап жүрген әкелері мен балаларына, ерлері мен аға-інілеріне сай болды».

Сталин жолдасын мақтаумен жігерленген совет әйелдері мен қыздары еңбек майданында белсенділіктерін арттыра түсіп, батыр Қызыл Армияның Берлин үстіне жеңіс туын тез арада тігуі үшін барлық күш-жігерлерін жұмсауда.

Облысымыздың еңбекші әйелдері мен қыздары да еңбек майданында аз еңбек сіңірген жоқ. Олар быйылғы мол егінді дер кезінде, ысырапсыз жыйнап алу үшін күресушілердің алдыңғы сапында болды. Әйелдер мен қыздар таң сәрінен түн қараңғысына дейін егін даласында болай, мол егінді дер кезінде жыйнап алуға, сөйтіп Қызыл Армия мен еліміздің астық жөніндегі қажетін тыңрылықты өтеуге барлық күш-қайратын жұмсады. Отаншыл әйелдер колхозшыларды қажірлі еңбекке жұмылдырып, қабілетті ұйымдастырушы бола білді. Совет ауданындағы «Үш қызыл» колхозының председателі Мәдина Естасева жолдас аудандағы іскер председателдердің бірі. Ол басқарған колхоз быйыл егінді дер кезінде ысырапсыз жыйнап алып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады, колхозшылар Қызыл Армия қорына өз меншігінен жүздеген пұт астық тапсырды. Мәдинаның өзі жеңіс қорына 30 пұт астық тапсырып, басқаларға үлгі көрсетті. Онымен бірге, колхоз мал қыстатуға ойдағыдай әзірленіп, бұл жұмысты үлгілі өткізуде.

Әйелдер мал шаруашылығын өркендетуде шешуші іс атқарып отыр. Облысымыздың мал фермаларындағы мал өсіруші

әйелдер өздерінің отан алдындағы борышын аброймен өтеп, Қызыл Армия мен елімізге мал шаруашылығы өнімдерін мол беру үшін жанымай еңбек істеуде. Ленин ауданындағы «Еңбек» колхозының сауыншысы Тышанбаева жолдас үлгілі сауыншылардың бірінен саналады. Ол 15 сыйырдан тұнқа тұяқ өсіріп, бұзауларды мәпелеп күтті, сүт сауу жоспарын да толық орындады. Тышанбаева жолдас өз қарауындағы сыйырларды мәпелеп бағып-қағады. Оларды мерзімінде суарып, азықтандырады. Ол үлгілі еңбегі үшін Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының грамотасымен екі рет нағрадалды, сыйлыққа бір бұзаулы сыйыр, бір қой алды.

Облысымыздың өнеркәсіп орындарында да жұмысшы әйелдер стахановша еңбек істеуде. Олар өндірісте күрделі мамандықтарды меңгеріп, майдан үшін көп өнім өндіруде. Петропавл ет комбинатының Лениново орденді стахановшысы Зағина Табылдинова күнделік жұмыс тапсырмасын үнемі 400—500 процент орындайды. Зағина ондаған жас жұмысшы қыздарды өндіріс мамандығына үйретті. Мұндай мысалдар бізде көптеп саналады.

Қазір алада тұрған аса зор міндет—мемлекетке бересі астықты толық тапсыру. Олай болса облысымыздың колхозшы әйелдері колхоздардың астық тапсыру жоспарын толық орындау үшін күш жұмсаулары керек. Партия, совет және комсомол ұйымдары колхозшы әйелдер арасында үгіт-көпшілік жұмысын мейлінше өрістетіп, оларды мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындау ісіне жұмылдыра білуге тиіс.

Мал өсіруші әйелдердің аса ардақты міндеті—малды шығынсыз өсіріп, мал қыстатуды үлгілі өткізу болып саналады.

Көктемгі егістің дер кезінде сапалы өтуі отан ойдағыдай әзірлену ісіне байланысты. Сондықтан да тракторшы, комбайншы әйелдер тракторлар мен комбайндарды, ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндеу жұмыстарында стахановша еңбек істеп, олардың көктемгі егіске сақадай-сай әзір болуын қамтамасыз етуге тиіс.

Жеңіс күні жақын. Алайда жау әлі толық жойылған жоқ. Әсіресп, қамсыраған жауды оның өз үңгірінде біржолата құрту деу жұмыстарында стахановша еңбек істеп, майдандағы әкелеріне, ерлеріне, аға-інілеріне еселеп көмектесулері керек.

Ел ішінде қажірлі еңбек істеп, майданға көмекті еселеп күшейту—совет әйелдерінің батыр жауынгерлер алдындағы қасиетті борышы.

И. В. Сталин Франция үкметінің басшысы генерал де Голльмен әңгімелесті

6 декабрьде ССРО Халық Комиссарлары Советінің Председателі И. В. Сталин Франция республикасы Уақытша Үкметінің Председателі генерал де Голльмен әңгімелесті.

Әңгімеде ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов, ССРОның Франциядағы елшісі А. Е. Богомолов,

Франция республикасы Уақытша Үкметінің Сыртқы Істер министрі Ж. Бидо мырза, Франция республикасы Уақытша Үкметінің ССРОдағы өкілі Р. Гарро мырза және Франция Сыртқы Істер министрлігі саяси департаментінің директоры М. Деган мырза болды.

Совет Хабаршы бюросынан

7 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

7 декабрьде Венгрия жерінде БАЛАТОН көлі мен ДУНАЙ өзенінің аралығында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, 60тан аса елді жерлерді, оның ішінде АДОНЫ, ПЕРКАТА, ХАНТОШ, ШАРСЕНТАЛОТА, ДЕГ, ЭНЬИНГ үлкен қыстақтары мен АДОНЫ, СИЛЬФА, ЭНЬИНГ темір жол станцияларын ұрыспен алды. Мұнымен қатар, БАЛАТОН көлі мен ДРАВА өзені аралығында шабуыл жасаушы әскерлеріміз БАРЧ қаласы мен темір жол торабын алды, сол сияқты 50ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде СЕНТ-ДЬЕРДЬ, ВЕРШ, ХОМАД, СЕНЬЕР, НАДЬ-САКАЧИ, КИС-БАЙОМ, ЧЕКЕЛЬ, КАДАРКУТ, МИКЕ, ЛАБОДЬ, КУНТЕЛЕП, ШУМАЛЬ-ВИШОНТА, ЭРДЕ-ЧОКОН, ПЕТЕРХИДА үлкен қыстақтары мен БАРДУДВАРН, ДИПОТОРА, КДАКИТ, СУЛОК, ЛАБОД, ГЕРГЕТЕГ, ЧОКОНЯ, ШАМОДЬ, АРАНЬЕШ темір жол станцияларын алды. Әскерлеріміз БАЛАТОН көлінің оңтүстік жақ жағалауын дұшпаннан толық тазартты.

6 декабрьде Венгрия жерінде 3-УКРАИН майданының әскерлері немістер мен венгрлердің 1030 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

6 декабрьде әскерлеріміз немістердің 38 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 5 самолёті атып түсірілді.

Венгрияда Балатон көлі мен Дунай өзенінің аралығында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Немістер ұрыс болып жатқан ауданға тың күштерін асығыс түрде үздіксіз алып келуде. Соңғы кезде Венгрияға Италиядан немістердің 44-және 71-жау әскер дивизиялары, Батыс майданы немістердің 271-жау әскер дивизиясы және Германиядан бірсыпыра бөлімдері келді. Бұл дивизиялар ұрыстарға қатысып, қардың өзінде орасан көп шығынға ұшырады. Әскерлеріміз жаудан қолға түсірген адамдардың ішінде 44, 71-және 271-жау әскер дивизияларының көптеген солдаттары мен офицерлері бар. Дунай өзенінің батыс жақ жағалауы бойында шабуыл жасаушы Н. құрамасының бөлімдері немістердің Адонь тіректі қорғану бекінісі мен темір жол станциясын алды. Адонь Будапештің оңтүстік жағында 40 километр жерде. Екінші бір бөлімдеріміз дұшпанның қарсы ағын жеңіп, жолдардың маңызды торабы—Эньингті алды. Советтің атқыштар бөлімшелері ойдағыдай әдіс жасап, жаудың ұрыс болып жатқан жерге жаңада ғана келген және вагондардан түгел түсіп үлгірмеген жаудың екі батальон жау әскерін талқандады.

Балатон көлі мен Драва өзенінің аралығында әскерлеріміз ұрыспен 15 километр алға басты. Совет бөлімдері орағыта әдіс жасау нәтижесінде Драва өзенінің солтүстік жақ жағалауындағы Барч қаласын алды. Гитлершілдер тозғындай кері шегініп, көптеген қару-жарақтары мен жабдығын тастап кетті. Бөлімдеріміз тоғыз темір жол станциясын алып, дұшпаннан көптеген паравоз, вагон және азық-түлік, соғыс жабдығын қойған складтарды қолға түсірді. Әскерлеріміздің шабуыл жасауы тоқтатылмай болған немістердің барлық әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Күн тәулік ішінде немістер мен венгрлердің 1400дей солдатты мен офицері жойылды. Немістерден өздігінен жүретін 2 зеңбірек, 34 дала зеңбірегі, сол сияқты көптеген пулемет, винтовка және автомат қолға түсірілді.

Шығыс Пруссияда дұшпанның барлаушылар тобы түнде қорғау шебімізге өтуге тырысты. Пулеметші Зелёнов жаудың барлаушыларын дер кезінде байқап, оларға пулеметтен оқ жаудырды. Немістер тозғындап кері шегінді. Таң алдында жауынгерлеріміз шебіміздің кіре беріс іргелерінде түнгі ұрыста өлген 20 гитлершілдің өлігі қалғандығын көрді. Пулеметші Левда қорғау шебіміздің алдыңғы шебіне шығып, қол пулеметімен неміс пулеметшісін жойды. Левда жолдас дұшпанды аңдып отыр.

рып, немістердің тағы да 3 автомашысын өлтірді.

Пултускі қаласының оңтүстік жағында дұшпанның жау әскерлері ұрыспен барлау жүргізді. Адырлы жерді пайдаланып, гитлершілдер қорғау шебіміздің алдыңғы шетіне жақын келді. Н. бөлімінің жауынгерлері жауға қарсы пулеметтер мен мылтықтардан оқ боратты. Мұнымен бірге артиллериямыз несірлеті оқ жаудырып, дұшпанның кері шегінетін жолдарын кесіп тастады. Немістердің барлаушылар отряды талқандалды. Ұрыс даласын жаудың 80 неміс аса өлігі қалды. Совет артиллерияшылары мұнымен бірге барлаушыларының қиын жағдайына жәрдемдесіп тұрған дұшпанның 4 артиллерия батареясының үнін өшірді.

Немістердің 81-жау әскер дивизиясының 189-полкындағы 1-батальонның қолға түсірілген обер-дәрігері Йозеф Раувер былай деді: «Өткен жылы неміс командованиесі дәрігерлік соғыс-медицина комиссиялары үшін жаңа нұсқау жариялады. Бұл нұсқауларға сәйкес, ұрысқа қатысатын бөлімдерге кемтар адамдар да алынуға тиісті. Октябрь айында мен резервтегі 181-батальонда дәрігер болып қызмет атқардым. 2 аптаның ішінде маған госпитальға емделуге жіберуді өтініп жүзден аса солдат келді. Мен өзім 30 солдатты ғана қарай алдым. Олардың барлығы дерлік майданда түгіл, тылдың өзінде соғыс қызметін атқаруға жарамайтын адамдар болып шықты. Олардың ішінде жүрек ауруымен және іш ауруымен аурып жүрген адамдар бар еді. Бірнеше солдаттың ескі жаралары қайта ашылған болатын. Міне осыған қарамастан, мен бұл нұсқаулардан бас тартып, солдаттардың бәрін қатарда қалдырдым. Керенаулар мейлінше көп, ал аурулар онан да көп болғандықтан неміс командованиесі керенауларды әшкередеу жөнінде дәрігерлерге қатал нұсқау берді. Сондықтан керенау мен ауруды айыруға дәрігерлердің ешбір мүмкіншілігі болмады. Дәрігерлер барлық адамдарды ешбір жағдайға қарамастан окоптарға қайта жөнелтуде».

Раувер өзінің сөзін аяқтай келіп, мынаны мәлімдеді: «Жараланған солдаттарға назар қарайды. Мен 1-батальонның дәрігері болып 189-полкке келген кезде, мені полк командирі—полковник Майер қабылдады. Ол көлік күші және санитарлар жоқ болғандықтан ұрыс кезінде сен солдаттарға ешбір дәрігерлік көмек көрсете алмайсың дегенді айтты. Неміс әскерлері кері шегініп бара жатып, жараланғандарды айдамаға тастап кетуде».

ПОЛЬША ҰЛТ АЗАТТЫҒЫ КОМИТЕТІ ӨКІЛДЕРІНІҢ МОСКВАҒА КЕЛУІ

6 декабрьде Москваға Өлкелік Халық Кеңесінің Председателі Берут мырза, Польша Ұлт Азаттығы Комитетінің Председателі Осубка-Моравский мырза, генерал полковник Роля-Жимерский келді. Вокзалда келгендерді ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссарының орынбасары В. Г.

Деканозов, Сыртқы Істер Халық Комиссариаты мен Отан Қорғау Халық Комиссариатының жауапты қызметкерлері, сол сияқты Польша Ұлт Азаттығы Комитетінің Совет Үкметі жанындағы өкілінің міндетін атқарушы Вендриховский қарсы алды.

АСТЫҚ—ЖЕҢІСІМІЗДІҢ КҮШТІ ҚҰРАЛЫ

Облысымызда астық тапсырудың барысы

Одақтық Дайындау Халық Комиссарияты облыстық өкілінің 5 декабрьдегі мәліметі бойынша, облысымыздың колхоздары мен совхоздарында астық дайындау жоспары 79,4 процент орындалды. Астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындаған Петропавл, Совет және Полудень аудандарында мемлекетке жоспардан тыс астық тапсыру жұмысы күннен күнге өріс алып келеді.

Булаев ауданының колхоздары мен совхоздарында астық тапсыру жоспары 94,6 процент, ал, колхоздарды жеке есептегенде 88,5 процент ғана орындалып отыр. Астық тапсыруда Преснов, Соколов, Пришим және Ленин аудандары кешіргісіз артта келеді. Істің жөйі Октябрь ауданында да мақтарлық емес. Мамлют ауданының колхоздарын жеке есептегенде, астық тапсыру жоспары 69,6 процент ғана орындалды.

Облысымыздың колхозшылары Советтік Украина колхозшыларының үндеуін талқылап, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 200 мың пұт астық тапсыруға міндеттенген еді. Бұл міндеттеменің орындалуы да әлі күнге дейін мардымсыз.

Астық жеңіс үшін керек. Олай болса, астық тапсыру жоспары, қабылданған міндеттеме әрбір аудан мен колхозда сөзсіз орындалуға тиіс.

Жеңісіміз үшін

Ленин ауданындағы «Еңбек» ауыл шаруашылық артелінің (Председатель Агажанов жолдас) мүшелері батыр Қызыл Армияның астық қорын молайта беру ісінде зор белсенділік көрсетіп келеді. Кеменгер жоспарымен Сталин жолдасының тарихи баяндамасымен жігерленген колхозшы шаруалар бір күнде өздерінің жеке меншіктерімен жеңіс қорына 58 пұт астық тапсырды.

1-егін бригадасының бригадирі Рақымов жолдас Қызыл Армия қорына 3 пұт астық тапсырып, былай деді:

—Кеменгер көсеміміз Сталин жолдас бізді—ел еңбекшілерін майданға еселеп мол көмек беруге шақырды. Мен еңбекпен тапқан астығымның 3 пұтын жеңіс қорына тапсырамын, сөйтіп екінші егін бригадасының бригадирі Баймұқанов жолдасы жарысқа шақырамын.

Баймұқанов жолдас Рақымов жолдасын бұл шақыруын қызу қолдап, жеңіс қорына 3 пұт астық беретіндігін білдірді. Колхозды ауылдың таңдаулылары З. Зияр, Қ. Сағдиза, Қ. Қожасова және Ж. Жақыпова жолдастар да жеке меншіктен жеңіс қорына астық тапсыруда белсенділік көрсетті.

Колхозда Қызыл Армия қорына астық тапсыру қызу жүргізіліп жатыр.

К. ЖӘУДИН,

ҚК(б)П аудандық комитеті үгіт-нәсихат бөлімінің меңгерушісі.

ЖЕҢІС ҚОРЫНА ҮЛЕС ҚОСТЫ

БУЛАЕВ О. (Өз тілшімізден). «Победа» колхозы мемлекетке астық тапсыру жоспарын ауданда бірінші болып орындағандардың бірінен саналады. Колхоз МТС жұмысы үшін заңдай ақы төлеу жоспарын да толық орындады. Отанның колхозшылар Советтік Украина колхозшыларының игілікті бастамасы бойынша, жеңіс қорына 600 пұт астық тапсырды.

Осы аудандағы Чапаев атындағы колхоздың мүшелері Киров колхозы мүшелерінің игілікті бастамасы бойынша жеңіс қорына 120 пұт астық тапсырды. Буденный атындағы колхоздың мүшесі Токарев жолдас жеңіс қорына 12 пұт астық өткізді.

ОБЛЫСЫМЫЗДЫҢ ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА

Депо жұмысшыларының өндірістік табысы

Петропавл паровоз депосының жұмысшылары ноябрь айының өндірістік жоспарын 105 процент, ал жылдық жоспарды 110 процент орындап, қысқы тасымал жұмысының мүлтіксіз жүргізілуін қамтамасыз етуге міндеттенген еді. Коллектив өзінің бұл уәдесін аброймен орындауда. Депо жұмысшылары өткен айдағы өндірістік жоспарды мерзімінен едәуір бұрын орындап, жоспардан тыс 11 паровоз және 4 электр турбинасын жөндеп шығарды.

Бас машинаны Ахметов жолдасының бас қаруындағы паровозшылар бригадасының мүшелері өндірістік зор табысқа жетті. Бұл бригада ноябрь айында поездың тәуліктік жүру жылдамдығын орта есеппен 2 километр арттырып, 23,5 тонна көмір үнемдеді.

Коновалов жолдасының паровозшылар бригадасы да көрнекті жұмыстар істеп жүр. Бригада поездың техникалық жүру шапшаңдығын сағатына 2—3 километрге

дейін арттырып, өткен айда 20 тонна көмір үнемдеді. Лобановская жолдасының бас қаруындағы бригада батыр Қызыл Армияның даңқты жеңістеріне жұмыста уақытпен санаспай, қажірлі еңбек істеумен жауап беруде. Соның нәтижесінде бригада айлық тапсырманы 120 процент орындады. Романов жолдасының басқаруындағы комсомол-жастар бригадасының мүшелері де өткен айда айтарлықтай нәтижеге жетті.

Депо жұмысшыларының бұл сыяқты өндірістік зор табыстарға не болуына партия ұйымы көп көмектесті. Үгіт бригадасы жұмысшылар арасындағы үгіт-нәсихат жұмыстарын пәрменінше жүргізіп, социалистік жарыстың барған сайын кеңінен өрістей беруін қамтамасыз етті.

Петропавл паровоз депосының өткен айдағы өндірістік табыстары мінә осындай.

Е. МАЛАЕВ.

ЖҰМЫС ҚАРҚЫНЫ ҮДЕДІ

Петропавлдағы ет комбинатының жұмысшылар коллективі кеменгер көсеміміз Сталин жолдасының баяндамасымен рухтанып, ноябрь айының өндірістік жоспарын барлық түрінен 120 процент орындауға міндеттенген еді. Олар бұл сертін іс жүзінде орындады және өндіріс қорына жоспардан тыс 400 пұт ет тапсырды.

Қолбаса жасайтын цехтың жұмысшылары майдандағы Қызыл Армияны азық-түлікпен қерегітше қамтамасыз ету үшін 10 күндік вахтаға тұрып, күнделік жұмыс мөлшерін 105—120 процентке дейін орындауды міндеттеріне алған еді. Вахтаның алғашқы күні жұмысшылар күнделік жұмыс мөлшерін 110—135 процент орындады.

Консерв жасайтын цехтың коллективі Октябрь аясындағы социалистік жарыста майдандағыша жұмыс істеді. Сөйтіп өткен

айдың өндірістік жоспарын 101 процент орындады. Консерв жасаушы Упаков жолдас күнделік жұмыс мөлшерін 2—3 есе ге дейін орындап жүр.

Бұл цехтан мал союшылар цехының жұмысшылары да қалысатын емес. Коллектив ноябрь айының өндірістік жоспарын 110 процент орындады. Сөйтіп комбинатта 1-орынға ие болды.

Стахановшы Ысқақова, Жұсыпов, Сидоров жолдастар Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдасының Ұлы Октябрь социалистік революциясының 27 жылдығы туралы баяндамасына жігерленіп, еңбек өнімін бұрынғыдан да арттыра түсті. Олар күнделік жұмыс тапсырмаларын 250—260 процентке дейін артығымен орындап, ержүрек Қызыл Армияға еселеп көмектесуге міндеттенді.

Қолөнершілердің зор табысы

Петропавлдағы «Пищевик» қолөнершілер артелінің жұмысшылар коллективі қажірлі еңбек істеу нәтижесінде ноябрь айының өндірістік жоспарын толық орындады.

Артельдің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері бір айдың ішінде көптеген көпшілік қолды бұйымдар өндірді. Етік, киім тігу цехтары ноябрь айының өндірістік жоспарын 150—160 процент орындады.

Артельдің стахановшылары Мастеславский, Побелянская және Сергеева жолдас тар жанқиярлықпен еңбек істеп, смена сайын жұмыс жоспарын біржарым-екі есе артығымен орындап жүр. Артель коллективі жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығу үшін 29 ноябрьден бастап, стахановтық вахтаға тұрды.

Селезнева жолдас басқаратын киім тігу

цехының әр бір жұмысшысы смена сайын 2 фуфайка тігу орнына 4 фуфайка тікті.

* * *

«Екпінді» қолөнершілер артелінің жұмысшылары жылдық жоспарды 1 декабрьде толық орындап шықты.

Хаярова жолдасының басқаруындағы комсомол-жастар бригадасы өндірістік жоспарды үнемі екі-екіжарым есе орындайды. Жұмысшылар 25 декабрьге дейін 245 мың сомның көпшілік қолды бұйымдарын өндіруге міндеттеме алған болатын. Артель жұмысшылары бұл міндеттемелерін аброймен орындап, Сталиндік Конституция күнін зор өндірістік табыстармен қарсы алды.

Ә. НҰРМАҒАНБЕТОВА.

ҰЛҒАЙТЫЛҒАН МІНДЕТТЕМЕ АЛДЫ

Облыстық сауда бөлімінің жанынан ашылған қол өнершілер артелінің жұмысшылары магнитогорлықтардың үндеуін қызу қолдап, жылдық жоспарды мерзімінен бұрын толық орындауға міндеттенді.

Артель жұмысшылары қазір өздерінің міндеттемелерін мінсіз орындау үшін күш жұмсауда. Мәселен киім тігу цехының

жұмысшылары ноябрь айындағы өндірістік жоспарды едәуір артық орындап, жоспардан тыс 2 мың сомның бұйымын өндірді. Етікшілер цехы да осындай көрсеткіштерге ие болды. Тігіншілер Петрова, Шаймұқанова жолдастар жұмыс мөлшерін үнемі 200 процент орындап, жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындауда.

Е. ИМАНБАЕВ.

НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫС

Ленин атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) мал өсірушілері мал қыстату маусымына үлгілі әзірлікпен кірісті. 5 қыста сапалы түрде жөнделіп, жылытылды. Жаз күндері дайындалған 6 мың центнер пішеннің қазір 2 мың центнері қыстау жа

нына тасылып үйілді. Қыстауларға пішен тасу жұмысы қызу жүргізіліп жатыр.

Колхоз малы қолға қарады. Мал қыстатудың алғашқы күндері жаз бойы істелген жұмыстардың нәтижелі болғандығын көрсетті.

М. ТӘЛІНОВ.

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 7 декабрь. (ТАСС). Одақтас тарап Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының хабарында былай делінген:

Одақтас әскерлері Гюртген секторында душпанның жаяу әскерлері мен танктерінің қарсы атакаларын тойтарды.

Саар алқабында одақтас әскерлері тағы да бір жерде Саар өзенінен өтіп, Диллингенде ұрыстар жүргізуде. Одақтас әскерлері Саарлаутернде душпанның тіректі бекіністеріне шабуыл жасап, қаланың оңтүстік жағында өзенге жетті. Одақтас әскерлері Россбрюккен мен Винфердингенге кірді және душпанның қатты қарсылығын жеңе отырып, Сааргенмюдеде көше ұрыстарын жүргізуде. Одақтас танктері Виннингенге жетті.

Вогездің төменгі шенінің батыс жақ етегінде, Саарунионның шығыс жағында одақтас әскерлері 3 мильден аса алға басып, 8 қыстақты алды. Душпан Хагенаудың солтүстік-батыс жағына қарай жедел алға басушы одақтас әскерлеріне қарсылық көрсетуде.

Эльзас жазықтарында одақтас әскерлері үнемі алға басуда. Кольмардың солтүстік жағында 5 миль жердегі Остгейм қаласы азат етілді.

7 декабрьге қараған түнде ауыр бомбашылардың аса ірі құрамалары душпанның соғыс орындарына еселеп шабуыл жасады.

Бельгиядағы жағдай туралы Америка тілшісінің пікірі

НЬЮ-ЙОРК, 4 декабрь. (ТАСС). Америка газетінің Бельгиядағы тілшісі Бельгиядағы жағдайды баяндай келіп, қазіргі дағдарыс Бельгия үкіметінің елді басқара алмай отырғандығынан болып отыр деп жазады. Халық Бельгия лигионерлерінің мызғымас берік майданы құрылатындығына сенбейді. «Сонымен,—деп жазады тілші,—азат етілгеннен бері 3 ай өтпей жатып, Бельгияның өкмет орындары қаруланған жандармдар мен танктердің көмегімен, митингілер өткізуге тыйым салу туралы декреттердің және басқа осы сыяқты шаралардың көмегімен өмір сүре бастады».

Грециядағы жағдай

ЛОНДОН, 4 декабрь. (ТАСС). Лондон радиосының хабары бойынша, Кеше Афинда болып өткен демонстрацияларға байланысты, Греция үкіметі Афины мен Пирейда соғыс жағдайын жариялаған.

Лондон радиосының тілшісі Никсонның Афиндан берген хабарына қарағанда, қазір қаланың барлық жерінде түгел дерлік электр жарығы жоқ, телефон байланысы жұмыс істемейді. Бүгін таңертең демонстранттар мен полицейскілер арасында атыс болды, атыс кезінде бір полицейский және бір демонстрант өлді.

Алғашқы бір топ поляктар Львовтан Польшаға жүріп кетті

ЛЬВОВ, 4 декабрь. (ТАСС). Халықты көшіруге өзара жәрдемдесу туралы Польша ұлт азаттығы комитеті мен Украин ССР үкіметі арасында жасалған келісім бойынша, жақын арада алғашқы бір топ украиндардың Советтер Одағына келгендігі жарияланған болатын.

Кеше поляк азаматтарының алғашқы тобы Львовтан өз еліне жүріп кетті. Еліне жүріп кеткендерді Польшаның үкімет комиссиясының халықты көшіру істері жөніндегі өкілдері шығарып салды.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ

УШ 005601